

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Ғұмарбек Дәукеев атындағы
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

ХАТТАМА

«31» наурыз 2021 ж./г.

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
**АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**
имени Гумарбека Даукеева
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынұлы, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

ПРОТОКОЛ

№ 6

Алматы қ. АЭЖБУ Түлектері қауымдастығы Қамқоршылар кеңесінің отырысы

Қамқоршылар кеңесі отырысының өту орны:

Алматы қ, Байтұрсынұлы көш., 126/1, кеңсе №213, онлайн-форматта, «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ «А» ғимараты.

Қамқоршылар кеңесі отырысының өту күні мен уақыты: 2021 жылдың 31 науырызы, сағат 15:00-де.

Қамқоршылар кеңесі мүшелерінің жалпы саны – 17 адам.

Қамқоршылық кеңесінің дауыс беру құқығы бар 10 мүшесі қатысты.

Шақырылғандар: Академиялық мәселелер департаментінің директоры Руфина Ренатовна Мухамеджанова.

Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор Алмаз Абжалиевич Саухимов күн тәртібін баяндады. Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің құрамына жаңа мүшелерді бекіту.
2. Университеттің жаңа білім беру бағдарламаларын және серіктестердің, кадрларды тапсырыс беруші кәсіпорындардың қатысуымен жетілдіру перспективаларын қарастыру.
3. АЭЖБУ түлектерін кейіннен жұмысқа орналастырумен практикадан өту мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдардың жас мамандарға қажеттілігін бақылау.
4. Әртүрлі.

000221

1. «Қамқоршылар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау және ҚК құрамын бекіту» туралы мәселе бойынша

Аталған мәселе бойынша Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор Алмаз Абжалиевич Саухимов сөз сөйлеп, Түлектер қауымдастығы еріктілік, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық негізінде жұмыс істейтінін хабарлады.

Қамқоршылар кеңесінің құрамына келесі кандидатураларды енгізу ұсынылады:

1. Антон Олегович Комлев, «Либерти Групп» ЖШС бас директоры.

Кандидаттың түйіндемесі қоса берілді.

2. Ерлан Сакенович Мейрамбаев, «MEYER TECH» компаниясының бас директоры.

Кандидаттың түйіндемесі қоса берілді.

Талқылаудан кейін мәселе дауысқа салынады:

Дауыс беру нәтижелері: қолдағандар – 10 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалғандар – жоқ.

Ашық дауыс беру нәтижелері бойынша «Либерти Групп» ЖШС бас директоры Антон Олегович Комлев АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің мүшесі болып бекітілді.

«MEYER TECH» компаниясының бас директоры Ерлан Сакенович Мейрамбаев кеңес отырысына қатыса алмағандықтан, оның кандидатурасын қарастыру келесі отырысқа қалдырылсын.

Талқылаудан кейін мәселе дауысқа салынады:

Дауыс беру нәтижелері: қолдағандар – 10 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалғандар – жоқ.

2. «Университеттің жаңа білім беру бағдарламаларын және серіктестердің, кадрларды тапсырыс беруші кәсіпорындардың қатысуымен жетілдіру перспективаларын қарастыру» мәселесі бойынша

Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор Алмаз Абжалиевич Саухимов кеңес мүшелеріне білім беру бағдарламаларының қаншалықты өзекті екенін бағалау үшін бұл мәселені кеңес отырысына шығарғандығымызға назар аударуларын сұрады, егер кеңес мүшелерінің осыған байланысты жақсарту, толықтыру бойынша ұсыныстары болатын болса, барлық ұсыныстар қабылданады, және бұл сын ретінде қарастырылмайтынын айтты.

Бұл мәселе бойынша институт директорлары сөз сөйледі (баяндамалар қоса берілді).

Электр техникасы және энергетика институтының директоры Жубаныш Абдимуратов өз сөзінде білім беру бағдарламасына гидроэлектрэнергетиканы

қосудың маңыздылығы туралы айтты. Білім беру бағдарламасы су ресурстарын дұрыс пайдалану нәтижесінде қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге ықпал етеді, әр жағдай үшін ең қолайлы және экологиялық тұрақты гидроэнергетикалық шешімдерді қалай келісу керектігін білетін мамандарды оқытады. Біздің елімізде «жасыл» экономикаға қарай жылжу үшін күшті саяси серпін бар. Бүгінгі таңда дәл осы гидроэнергетикалық сегмент Қазақстандағы ең дамыған жаңартылатын және баламалы энергия көзі болып табылады.

Оқу жылында «Жүйелік инженерия» жаңа білім беру бағдарламасын Телекоммуникациялар және ғарыштық инженерия институтының директоры Ғани Балбаев Анхальт университетімен (Германия) бірлесе іске қосуды ұсынады. Компания серіктестері: «Saiman корпорациясы» ЖШС, «Сименс» ЖШС, Анхальт университеті, Германия.

«Білім беру бағдарламасының мақсаты – өндірілетін өнімге цифрландырудың озық технологияларын енгізу, сондай-ақ оны әзірлеу, өндіру, қолдау, жаңғырту және ауыстыру (пайдаланудан шығару) процестеріне енгізу есебінен өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қабілетті электрондық және ақпараттық техника салаларында жүйелік инженерлерді даярлау», - деді Ғани Балбаев.

Тәжірибе мен дәріс деңгейінде Kaspi банк сияқты өндірушілерді барынша тарту. Халықаралық кәсіби стандарттар талаптарына және жұмыс берушінің сұраныстарына сәйкестігіне талдау жүргізілді. Жыл сайынғы жаңғырту Бағдарламалық инженерия білім беру бағдарламасының сұранысына әкеледі. Нарықта бағдарламашылардың тапшылығы байқалатындығын Ақпараттық технологиялар институтының директоры Алия Досжанова атап өтті.

Қамқоршылар кеңесінің мүшесі Жаймухан Максұтович Медетов, «ҚазэнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ» институты» АҚ бас директоры: Егер сіздер кәсіптік стандартқа сәйкес «Гидроэнергетика» білім беру бағдарламасын енгізетін болсаңыздар, онда гидрогеологиялық зерттеулер, маусымдық реттеудің су қоймаларын жобалау және пайдалану, өзен және су тарту құрылыстарын жобалау және пайдалану, бөгеттер мен платиналар салу сияқты пәндер қайда қалады, және университетте осы пәндерді кімдер оқытатынын айтыңызшы. Бұрын бұл пәндер Жамбыл гидромелиоративтік институтында, ауыл шаруашылығы институттарында оқытылатын. Қазір бүкіл Қазақстан бойынша мәселе – гидротехниктер, бөгеттерді, платиналарды, күлтұтқыштарды есептеумен айналысатын жобалаушы инженерлерді табу өте қиын, ал біздің университет базаның болмауынан әзірше оған дайын емес. Біз ГЭС-терде жұмыс істедік, мысалы, өзіміз аяқтаған мамандықтар – электр желілері мен жүйелері кез келген станцияда, атап айтқанда электр бөлігінде жұмыс істей алды. Гидростанциялар бойынша біздің институт бірде-бір станция шығармайды. Бірде-бір жоба жоқ. Түлектен сен кімсің деп сұраса, ол гидроэнергетик дейді. Мұның бәрі бөгеттер мен платиналардың дизайны

бойынша қалай есептелетінін көрсет десе, ол қандай есептеулерді көрсете алады, есептеулер өте күрделі. Ол үшін геологияны, инженерлік-геологиялық зерттеулерді білу керек, ал біз мұның барлығын оқытуға дайынбыз ба?

Ж.С. Абдимуратов: Бөгеттер мен гидрокұрылыстар құрылысына қатысты болашақта бакалавриат бойынша 4 жыл қарастыратын боламыз. ОПҚ, кадрлар контингентіне келетін болсақ, қазіргі уақытта жұмыскерлер арасында ондай мамандар бар, мысалы ЭЖЭЖК кафедрасында Абылайхан Солтанаев, ол дәл сол гидроэлектрэнергетика саласында жұмыс істейді, сонымен қатар қоса атқарушылар бар. Арнайы пәндердің қосылатынын болжай отырып, 3-курстан бастап білім алушыларды гидрокұрылыстар салу бойынша емес, электр энергетикасы бөлігі бойынша дайындайтын боламыз.

А.А. Саухимов: жалпы, Жаймухан Максұтович, Сіздің ескертулеріңіз дұрыс. Жубаньш Суйнуллаевич, электр бөлігіне баса назар аудару керек, сәулет-құрылыс шешімдеріне айтылғандарға байланысты, сондай-ақ өзендердің маусымдылығымен байланысты, олар қалай толтырылады, бөгеттер және т.б. Бұл мәселелер біздің университетімізге қатысты болмауы керек болар, себебі біздің бейін емес. Біздің түлек осы білім беру бағдарламасы бойынша диплом алған кезде, жалпы гидроэнергетикада электр бөлігін бітіргенін түсінетіндей пәндердің атауын түзету және оларды нақтылау қажет.

Жалпы, білім беру бағдарламалары бойынша Қамқоршылар кеңесінің мүшелері қазіргі уақытта маңызды құрамдас бөлікті түсіндіруі керек, бұл 5-10 жыл бұрын да, қазір де өзекті. Пәндердің 20-30%-ын Білім министрлігі ұсынады, яғни міндетті пәндер – Қазақстан тарихы, қазақ және орыс тілдері және т.б. Қалған 70% пәнді ЖОО өзі толтырады. Сондықтан, университетімізді білім беру бағдарламасы бойынша бітіргендерде телекоммуникация, электр энергетикасы, жылу энергетикасы және т.б. бойынша барлық қажетті білімдері бар. Бірақ сол салаға жаңа технологиялар енгізілуде, және көп ақпарат өзгеруде, егер біз қазір осы пәндерді қоспасақ, , онда 5-7 жылдан кейін бұл мамандар өндіріске келгенде мұны білмейтін болады, яғни мамандар ғана емес, жалпы алғанда сала өз дамуынан артта қалады. Бұл назар аударуға тұрарлық мәселелердің бірі, сол себепті Сіздің объективті ескертуіңіз біз үшін өте маңызды.

Қаулы етті: Барлық білім беру бағдарламалары ЖБББЖ жүйесіне кіреді, сараптамадан өтеді, жетекші компаниялармен келісіледі, бағдарламалар мен силабустар шығарушы кафедралардың отырыстарында талқыланады.

3. «АЭЖБУ түлектерін кейіннен жұмысқа орналастырумен практикадан өту мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдардың жас мамандарға қажеттілігін бақылау» мәселесі бойынша

Бұл мәселе бойынша Академиялық мәселелер департаментінің директоры Руфина Ренатовна сөз сөйледі (баяндама қоса берілді).

Университет мастер-кластар, коучингтер, жұмыс берушілермен кездесулер ұйымдастыру бойынша жұмысты күшейтуді жоспарлап отыр, онда компания өкілдері, жетекші мамандар, менеджерлер кәсіби мансапты құру мәселелерін талқылау үшін студенттермен бейресми жағдайда кездеседі, практикалық шеберлік дағдыларын көрсетеді, жұмысқа орналасудың тиімді тәсілдері мен нысандары туралы ақпараттандырады.

Жұмысқа орналасу мәселесін ол пайда болғанға дейін шешуге мемлекеттік және жеке кәсіпорындардың мақсатты өтінімдері бойынша, сондай-ақ ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың кепілдік хаттары бойынша мамандар даярлау туралы шарт мүмкіндік береді.

Осылайша, студенттердің бір бөлігі бірінші курста-ақ, әрі қарай жұмысқа орналасу туралы шарттарға ие болады. «Студент-Кәсіпорын-ЖОО» үшжақты шартында тараптардың әрқайсысының міндеттері айтылады. Кәсіпорынның басты міндеті – алған мамандығы бойынша жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жас маманға жұмыс ұсыну. Жұмыстың бұл түрі белгілі бір жұмыс орнына белгілі бір кәсіпорын үшін мамандар даярлауға мүмкіндік береді, ал «Студент-Кәсіпорын-Университет» үшжақты шарты болашақ маманға оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасуға белгілі бір кепілдік береді. Жұмысқа орналасуға арналған үшжақты келісім оқу процесінің сапасына да айтарлықтай әсер етеді.

Жұмыс берушілердің көмегімен ғана біз білім алушыларды тәжірибеден, тағылымдамадан өткізу сапасын арттырып, АЭЖБУ түлектерінің жұмысқа орналасуын арттыра аламыз, деп атап өтті Руфина Мухамеджанова.

Ректор Сауле Саветовна Сагинтаева студенттер үшін нақты тапсырмалары бар Жұмыс беруші Хакатондарды ұйымдастыру жөніндегі кеңес мүшелеріне ұсыныс жасады. Хакатон – бұл студенттерді аудиторияда 24 немесе 48 сағатқа жинап, оларға шешімдер шығарылатын режимде тапсырма берілетін, содан кейін олардың арасынан керекті студенттер таңдалатын немесе стартап шығарылатын механизм. Екіншіден, сіздердің тапсырмаларыңызды шешуге конкурстар, стартаптар өткізу үшін студенттік жобаларды қолдауға жұлде қорын бөле отырып, сарапшылар немесе қазылар алқасының мүшелері ретінде практиктерді тарту, бұған дейін бізде осы сынды тәжірибе болған болатын. Егер студент жеңіске жетіп, серіктестер мен жұмыс берушінің қолдауымен осы жобаны одан әрі дамытуды көздейтін болса, онда сіздерді белсенді түрде тарту (қатыстыру) үшін осы қордан оларды қолдауға қаражат бөлінеді.

Қаулы етті: дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертациялар тақырыбынан басқа, студенттік жұмыстарды бағалау үшін жұмыс берушілерді, практиктерді сарапшы ретінде тарта отырып, түрлі бағыттар бойынша хакатон немесе конкурсы ұйымдастырылсын.

4. Әртүрлі:

4.1. АЭЖБУ ДАҢҚ залы жобасын талқылау

Осы мәселе бойынша Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор Алмаз Абжалиевич Саухимов сөз сөйледі, ол Қамқоршылар кеңесінің жаңа мүшесі Антон Олегович Комлевтен біздің университетте Даңқ залын ашу туралы ұсыныс түскенін хабарлады.

Ұсыныс:

1) Даңқ залының орналасуы:

- В зинаматының фойесінде, 1-қабатта Даңқ залын ашу.

2) Атаулы ұстаушы туралы ақпарат:

- қоғамда табысты және жағымды үлгі бола алған тұлғалар (бизнесмендер, спортшылар, ел үкіметі мен әлем деңгейінде жоғары лауазымдарға қолжеткізген адамдар және т. б.);
- университеттің дамуына оң әсер еткен қазіргі немесе бұрынғы қызметкер;
- университеттің дамуына оң әсер еткен серіктестер (немесе ұйым);
- Біздің университеттің жолын жарықтандыратын тарихи құжаттар стенді.

Университеттің Даңқ залының қойылу тәртібі тақырыптық-экспозициялық кешендерден тұруы мүмкін:

- Университеттің құрылуы
- Институттан университетке
- Үздік тұлғалар
- Ғылыми жетістіктері
- Халықаралық жарыстар
- Спорттық жетістіктер

Бастапқы құны 2 440 000 теңге, оның 1 000 000 теңгесін Либерти Групп компаниясының бас директоры тұлғасындағы Антон Олегович Комлев енгізеді, сондай-ақ ол осы құнды бір кездері біздің университетімізді бітірген басқа тұлғалардың салымы есебінен толығымен жабу үшін басқа тұлғалардан қаржыландыруды тарту бойынша жұмыс жүргізуге дайын екендігін білдіріп, осылайша өзінің алғысын, осы түрде көрсетеді.

Антон Комлев: Өз тарапымнан қаржы тарту қолымнан келеді деп ойлаймын, жалпы жоба маған ұнайды.

А.А. Саухимов: Біздің Қамқоршылар кеңесінің мүшелеріне ұсыныс, Антон кеңестің қызметіне байланысты белгілі бір жұмыс атқаратындықтан, біздің университеттен визитка сұрады, біз оны корпоративті доменмен бірге эмейлді ескере отырып дайындадық, олар әртүрлі компаниялармен кездеседі және іс жүзінде, қазіргі тілде айтқанда біздің амбассадорларымыз ретінде оларға біздің Қамқоршылар кеңесіне кіретіндіктерін растайтын құжат қажет.

Сергей Владимирович Коньшин: Дәстүрлі галереяның форматы мультимедиялық, интерактивті панель жасай алады, қазір бүкіл әлем тірі, бәрі қозғалыста. Идеяны 100% енгізу керек, бірақ алдымен идеяны қабылдау керек.

Қаулы етті: жұмысқа қабылданын.

4.2. Булат Джантемирович Хисаров атындағы атаулы стипендияны тағайындау

Осы мәселе бойынша Автоматтандыру және басқару кафедрасының меңгерушісі Игорь Анатольевич Федоренко Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ-дың дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесі бірегей деп атауға болатын адам – Булат Джантемирович Хисаров атындағы стипендияны тағайындау туралы сөз сөйледі.

Булат Джантемирович Хисаров – Н. Бауман атындағы МЖТУ түлегі, техника ғылымдарының кандидаты, профессор. 1987 жылдан 2014 жылға дейін (27 жыл!) «Инженерлік кибернетика» кафедрасын басқарды (2017 жылдан бастап ол «Автоматтандыру және басқару» деп аталады).

2019 жылға дейін АЭЖБУ-да 12 мамандық болды және оның 5-еуі (!) «Инженерлік кибернетика» кафедрасында Б.Д. Хисаровтың күш-жігерінің арқасында, ол сол кафедраның меңгерушісі болған кезде ашылды. Олар: «Автоматтандыру және басқару», «Информатика», «Ақпараттық жүйелер», «Аспап жасау», «Ғарыштық техника және технологиялар». Біртіндеп осы мамандықтар негізінде дербес кафедралар құрылды.

Кафедраны басқарумен қатар Б. Д. Хисаров 1997 жылдан 2002 жылға дейін Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің деканы болды, ал 2001 жылы «Энтел» колледжі ашылған соң, колледждің бірінші директоры атанды. Булат Джантемировичтың үш жауапты жұмыс бағытына да күш-қуаты жеткілікті болды!

2014 жылдан 2015 жылға дейін «Ғарыштық техника және технологиялар» кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеді, содан кейін өзінің «Автоматтандыру және басқару» кафедрасына оралып, онда профессор ретінде дүниеден өткен күніне дейін – 2020 жылдың 22 қазанына дейін, 78 жасқа келгенше еңбек етті.

«Автоматтандыру және басқару» мамандығын ашу үшін (бұрын ол «Жылу энергетикалық нысандарды автоматтандыру» деп аталған) Б.Д. Хисаров Қазақстанның Жоғары және арнайы орта білім министрлігі мен Энергетика министрлігінде ғана емес, сонымен қатар КСРО-ның Жоғары және арнайы орта білім министрлігі мен Энергетика министрлігінде де мақұлдауға қолжеткізді.

Оның басқа да көптеген еңбектерінің ішінде келесілерге де назар аударған жөн:

- 1991 жылы Атырау Мұнай және газ институты жанындағы кафедра филиалының ашылуы

-бұл сол кездегі жаңашыл шешім болды, студенттер 2 жыл бойы Атырауда оқып, АЭИ-ге 3-курсқа ауысатын.

- 1998 жылы қамқорлыққа алынған № 21 лицейде АЭИ 1-курс пәндерін 9-10-сыныптарда оқытуға және түсу емтихандарын тапсырғаннан кейін 2-курсқа қабылдауға Білім министрлігінің рұқсаты.

- 1997 жылы Б.Д. Хисаровтың белсенді қатысуымен Азия технологиялық институтымен (АТИ, Бангкок қ., Таиланд) ынтымақтастық туралы келісім жасалды, оның шеңберінде АЭИ түлектері АТИ-ға квота бойынша магистратурада оқу үшін екі жылға жіберілетін...

Біздің университеттің дамуына елеулі үлес қосқан аңыз адам – Булат Джантемирович Хисаров атындағы атаулы стипендияны бекітуді сұраймын.

Қаулы етті: Келесі оқу жылында Қамқоршылар Кеңесі қорынан Булат Джантемирович Хисаров атындағы атаулы стипендия мәліметке алынсын және ұсынылсын.

Алмаз Абжалиевич барлық қатысушыларға жемісті жұмысы үшін алғысын білдірді, бұл университеттің дамуына, мемлекеттік кадрлық әлеуеттің дамуына бей-жай қарамайтын адамдардың бірлестігі. Біздің университет энергетика, телекоммуникация саласындағы көшбасшы, біз Қазақстанның ұлттық экономикасының дамуы үшін жауаптымыз.

Ғылыми және инновациялық қызмет
жөніндегі проректор



А.Саухимов

АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің
жауапты хатшысы



Г.Смагулова